

Пәннің аты: БАҚ-дағы халықаралық ақпараттың берілу ерекшелігі. 3-курс.
Лектор: аға оқытушы Шаймаран Мұрат

№1 дәріс

Демократиялық қоғамның басты құндылығының бірі–

Баспасөз бостандығы

Демократиялық қоғам азаматтарға өзінің саяси көзқарастары мен ой-пікірлерін еш бүкпесіз білдіру бостандығымен қатар ақпарат алу және оны тарату еркіндігін де сыилайтынымен де ерекшеленеді. сөз және баспасөз бостандығы бір сәтте ғайыптан пайда болған дүние емес, ол–тарихи дамудың жемісі болып табылады.

Елімізде журналистика еркіндігінің қалыптасуына, белгілі бір арнаға түсуіне, ілгерлеп өркендеуіне елеулі тосқауыл болып отырған себептерді айқындап көрейік:

Біріншіден, «Тәуелсіз баспасөз», «сөз бостандығы» деген терминдер саяси өмірімізге, ұлттық БАҚ жүйесінің тәжірибесі мен сөздік қорына жаңадан енген ұғым.

Екіншіден, Жарияланымдық саясаты мен саяси көзқарасы дербес, ашық ойдың, пікір алуандылықтың мінберіне лайықталған тәуелсіз баспасөздің сипатына көп жағынан жақындайтын басылымдардың елімізде пайда бола бастауы ұлттық журналистикамыздағы тың әрі келелі құбылыс⁷

Үшіншіден, Мерзімді баспасөзде жарық көрген кейбір материалдар мен жасалған зерттеудің нәтижесінен белгілі болғандай, көптеген зиялыларымыздың тәуелсіз баспасөз, сөз бостандығы жайындағы түсініктері әлі де болса жалпылама, бір ізділік жоқ, кейде қарама-қайшы.

Төртіншіден, Тәуелсіз деген атқа ие болып келе жатқан басылымдарды шығарушылардың өздерінде ұсы ұғым ғылыми түрде қалыптаспаған. Іс жүзінде олардың көбі жеке көзқарастарының жетегінде немесе қаржыландырушы топтардың қас-қабағын бағумен жүр.

Ал, сөз бостандығы деген қоламталы тақырыпқа қайта оралсақ, сөз бостандығы дегеніміздің өзі – субъект және объектіге тікелей қатысты, олардың атқаратын қызметіне сай көрніс табады. Анықтап айтар болсақ, төмендегідей:

Біріншіден, журналистер үшін сөз бостандығы – қоғамда болып жатқан кез келген оқиға жайында ақпарат алуға толық құқылы болуы және оны жазуға, жариялауға, таратуға шығармашылық еркіндігінің кепілдендіруі;

Екіншіден, оқырман үшін – объективті ақпаратты ешбір кедергісіз алуы және оған сай өз көзқарасын кез келген БАҚ арқылы білдіруі болып табылады.